

## 2011 жылға арналған Ертіс ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі N 168/2 қаулысы. Павлодар облысы Ертіс ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 мамырда N 12-7-119 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы N 95/1 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2012.03.19 N 95/1 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" N 754 қаулысына, Ертіс аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы (IV сайланған XXXII сессиясы,) "Ертіс ауданының 2011 - 2013 жылдарға арналған бюджеті туралы" N 196-32-4 шешіміне сәйкес, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Ертіс ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау туралы комиссияның құрамы (бұдан әрі - Комиссия) осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін:

Комиссия отырысы ай сайын өткізілсін.

2. Әлеуметтік төлемді алуға құқылы азаматтар санаттары белгіленсін:

1) табысына тәуелді емес Ертіс ауданы аумағында тұратын, барлық азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек - құжаттарды ауыстыру мен құжаттауды жүргізу;

2) емделуді қажет ететін аз қамтамасыз етілген азаматтарға: табысына тәуелді емес, онкологиялық аурулары мен жұқтырылған қорғаныш тапшылығынан азап шеккен тұлғаларға - біржолғы әлеуметтік көмек;

орта есеппен жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен, созылмалы ауру түрімен ауыратын азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек ;

3) үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшенің қызметімен пайдаланатын жалғыздікті қарттарға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар (бұдан әрі - МАӘК) ішінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға және көпбалалы отбасылар ішінен мемлекеттік балалар жәрдемақысын (бұдан әрі - МБЖ) алушыларға "Ертіс нұры" мен "Иртыш" аудандық газеттеріне, "Сарыарқа самалы" мен "Звезда прииртышья" облыс газеттеріне жазылуға біржолғы әлеуметтік көмек ;

4) соғыс қатысушыларына теңестірілген, қаза болған жауынгерлердің жесірлері, жалғыздікті, жалғыз тұратын зейнеткерлерге - аталып өтетін мерекелік күндеріне: Жаңа жыл, 8 Наурыз, Наурыз мейрамы, Қарттар күні, Тәуелсіздік күні ;

5) "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған 4 және одан да көп баласы бар көпбалалы аналарға - 8 наурызға;

6) "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларымен марапатталатын көпбалалы аналарға - біржолғы әлеуметтік көмек;

7) жаңа жылға, Балаларды қорғау күні мен Мүгедектерді қорғау күніне - кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар аз қамтамасыз етілген отбасыларына, жетімдерге, мүгедек балаларға;

8) атаулы әлеуметтік көмек алушылар, аз қамтамасыз етілген отбасы ішінен және ата-анасының қамқорынсыз қалған – орта мектеп түлектеріне - жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - ЖОО) 1-ші, 2-ші, 3-ші, 4-ші, 5-ші және 6-шы курсының оқу бөліміне төлемақы төлеу үшін, интернатура өткен кездегі төлем, тамақтану мен мекенжайына дейін жолақысы, күнкөрісіне ай сайынғы төлеміне біржолғы әлеуметтік көмек;

9) 2011 - 2012 оқу жылынан бастап, орта кәсіби оқу орындарында (бұдан әрі - ОҚОО) оқып жатқан ата-анасының қамқорынсыз қалған және аз қамтамасыз етілген отбасы студенттерінің оқуын төлеу, ай сайынғы тамақтану мен күнкөрісіне және мекенжайына дейінгі жолақысы төлеміне;

10) Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектері (бұдан әрі- ҰОС): дәрі-дәрмек алуларына ай сайынғы көмек; аудан әкімінен Жеңіс күніне орай сыйлықтар; тұрғын үй жөндеуіне біржолғы әлеуметтік көмек;

ай сайынғы коммуналдық қызмет пен телефон байланысына абоненттік төлем ;

"Ертіс жолаушылар автокөлік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - "Ертіс ЖАКК" ЖШС) анықтамасына сәйкес, жолақы

билетіне байланысты емес жылына бір рет облыс орталығына дейін барып қайту  
ж о л ы н а т ө л е м ;

Мерекелік күндеріне, мерейтойлық пен айрықша даталарына: Жаңа жыл, 8  
Наурыз, Наурыз мейрамы, Қарттар күні, Тәуелсіздік күні;

"Ертіс нұры" мен "Иртыш" аудандық газеттеріне, "Ардагер ветеран", "  
Сарыарқа самалы" мен "Звезда прииртышья" облыс газеттеріне, "Егемен  
Қазақстан" мен "Казахстанская правда" республикалық газеттеріне жазылу;  
санаториялық-курорттық емделуге жіберілетіндерге - жылына бір рет жүру

ж о л ы н а т ө л е м ;

11) жаңа оқу жылына мектепке баратын балалары бар аз қамтамасыз етілген  
отбасыларына материалдық көмек;

12) 80, 90, 100 жастан асқан зейнеткерлер - Қариялар күніне;

13) стационарлық емделуден өткен туберкулезбен ауыратындардың - 6 ай  
ішінде жақсы тамақтануын үдете түсу;

14) санаториялық емделу курортына жіберілетін, ҰОС қатысушыларына  
теңестірілген тұлғалар мен мүгедектерге, жалпы аурулары бойынша  
мүгедектерге - жылына бір рет жүру жолына төлемақы;

15) отбасының құрамы мен табысына тәуелді емес, келесідей санаттағы  
азаматтарды (зейнетақы мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардан  
басқа) жерлеуге біржолғы әлеуметтік көмек:

жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар;

жұмыспен қамту органындағы тіркелуіне байланысты емес зейнеткерлік  
жасына дейінгі жұмыс істемеген ерлер: 60 жастан, әйелдер – 55 жастан;

жасына және жұмыспен қамту органындағы тіркелуіне байланысты емес,  
Ауған соғысы мен Чернобыл атом электр станциясы (бұдан әрі- ЧАЭС) апат  
салдарын жоюға қатысқандар;

онкологиялық, өкпе аурулары, жұқтырылған қорғаныш тапшылығының  
белгісі ауруының салдарынан қайтыс болғандар;

жедел қызметтегі қайтыс болған әскери қызметкерлер;

балалар, жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары мен іштей оқитын  
студенттер ;

16) табысына тәуелді емес, өрт, кездейсоқ апат, сәтсіз оқиға, төтенше  
жағдайлар кезінде ішінара үй заттарының, киім-кешектің, пәтердің зақымдану  
салдарынан өмір сүру жағдайы жоқ тұлғаларға - (бұрын алған біржолғы көмекке  
тәуелді емес) біржолғы әлеуметтік көмек;

17) МАӘК алушылар ішінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға және МБЖ  
алушыларға мал мен малазығын сатып алуға жеке шаруашылығын және  
бақшашылық пен құс шаруашылығын дамыту үшін біржолғы әлеуметтік көмек;

18) тұрғын-үй коммуналдық қызметінің төлемі бойынша жекелеген

с а н а т т а ғ ы

а з а м а т т а р :

ч е р н о б ы л ш ы л а р ;

а у ғ а н с о ғ ы с ы н а қ а т ы с қ а н д а р ;

Л е н и н г р а д б л о к а д а с ы н а қ а т ы с қ а н д а р ;

к о н ц л а г е р ь т ұ т қ ы н д а р ы ;

в е н г е р с о ғ ы с ы н а қ а т ы с у с ы л а р ;

2011 жылдың 1-ші қаңтарына ең аз мөлшерде зейнетақы алатын жалғызділікті және жалғыз тұратын зейнеткерлер;

2011 жылдың 1-ші қаңтарына өтілі толық емес зейнетақы алушы зейнеткерлерге - ай сайынғы материалдық көмек;

19) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларға - жекелеген әлеуметтік көмек;

20) әскери міндетін атқарып келген әскери қызметшілеріне - жекелеген әлеуметтік көмек;

21) ауылдық жерлерде тұратын 12 аптаға дейінгі жүктілік мезгілі кезінде тіркеуге тұрған әйелдерге - жекелеген әлеуметтік көмек;

22) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде тіркелген, жұмыссыздар мен мүгедектер ішінен аз қамтамасыз етілген азаматтар еңбекпен оңтайландырудан өту кезеңінде, бақшашылық пен құс шаруашылығын дамыту үшін - жекелеген әлеуметтік көмек;

23) қайталап неке құрмаған, ҰОС мүгедектерінің жесірлеріне, ҰОС кезінде қажырлы еңбегі үшін марапатталған тыл еңбеккерлеріне, концлагерь тұтқындарына, блокадалы Ленинградтың тұрғындарына - Жеңіс күніне орай біржолғы материалдық көмек;

24) емшектен айырылған бір жасқа дейінгі балалары бар аналарға бала тамағын сатып алу үшін - біржолғы материалдық көмек;

25) қайталап неке құрмаған, ҰОС мүгедектерінің жесірлеріне, ҰОС кезінде қажырлы еңбегі үшін марапатталған тыл еңбеккерлеріне, концлагерь тұтқындарына, құрметті азаматтарға, төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көпбалалы аналарға, үйде әлеуметтік бөлімше қызметкерлерінің қызметімен пайдаланатын жалғызділікті және жалғыз тұратын зейнеткерлерге ауызсуды әкелуге - біржолғы материалдық көмек;

26) МАӘК пен МБЖ алушылардың балаларын шағын орталықтарда ұстауға ай сайынғы әлеуметтік көмек;

27) мүгедектер күніне, ымдау тілі маманының және жеке көмекшінің әлеуметтік қызметімен қамтылған мүгедектерге;

28) МАӘК алушыларға және 18 жасқа дейінгі балалары бар МБЖ алушы отбасыларға 1 топтағы, мүгедектерге және ҰОС қатысушырына және оларға теңестірілген тұлғалар, цифрлық спутниктік теледидарға клиенттік қабылдағыш

алуға - жекелеген әлеуметтік көмек;

29) соғыс және әңбек ардагерлеріне, студенттерге, оқу үздіктеріне, әлеуметтік саладағы қызметкерлерге және ЧАЭС апатын жоюға қатысқандарға, Ауған соғысына қатысқандарға, құрметті азаматтарға Қазақстанның астанасы Астана қаласына бару үшін - шығын фактісі бойынша;

30) ЧАЭС болған апаты салдарын жоюға қатысқандар мен Ауған соғысы қатысушыларына 7-ші мамырға, Жеңіс Күніне орай Ауғандағы әскери қимылға қатысқандарға және Ауғаныстанан әскерлерді шығару күніне.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011.11.23 N 478/7 (жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Әлеуметтік көмекті алу үшін осы қаулының 2 тармағында көрсетілген әрбір санат бойынша келесідей құжаттар Бөлімге тапсырылуы қажет:

1) 2 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін: "Қазпошта" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қазпошта" АҚ) пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтама, жеке бас куәлігі, азаматтарды тіркеу кітапшасы;

2) 2 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайының тексеру актісі, отбасының кірісі туралы анықтама;

созылмалы ауруы бар және онкоауру тұлғаларға - дәрігерлік кеңес беру комиссиясынан (бұдан әрі - ДКК) анықтама;

3) 2 тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 10), 11), 14), 18), 23), 27), 28), 29) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін: аты, тегі, әкесінің аты көрсетілген тізім, алатын мемлекеттік жәрдемақының түрі, ауыл және ауылдық округі Әкімдерінің, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің тізіміне сәйкес ардагерлері кеңесінің, әйелдер және жанұялық-демографиялық саясаты жөніндегі комиссияның қолдаухаты, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі;

Санаторлық-курорттық емделуге санаторлық-курорттық карта;

4) 2 тармағының 6) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларын растайтын куәліктің көшірмелері, азаматтарды тіркеу кітапшасы;

5) 2 тармағының 8), 9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін: білім беру жөніндегі қызмет көрсетуге келісімшарттар, оқу орнынан келесі курсқа көшірілгені туралы және өткен курстың қорытындысы туралы анықтама;

Көмек "Ертіс ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілген тізім негізінде көрсетіледі. Тізімде баланың тегі, есімі, туған жылы мен статусы, қорғаушының тегі, есімі, мекенжайы, дербес шоты, жеке куәлігінің нөмірі көрсетіледі;

6) 2 тармағының 12) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: Ертіс аудандық зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталықпен (бұдан әрі - ЗТМО) келісілген тізім негізінде;

7) 2 тармағының 13) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Туберкулезге қарсы аурухана" мемлекеттік мекеменің тізімі негізінде жүргізіледі, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі, жеке бас куәлігі, азаматтарды тіркеу кітапшасы;

8) 2 тармағының 15) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, қаза болған жөнінде анықтама, қаза болғанның статусын растайтын құжаттар;

9) 2 тармақтың 16) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, "Павлодар облысының төтенше жағдайлар департаменті апаттан құтқару жұмысының өрт сөндіру қызметі" мемлекеттік мекемесінің қорытындысы;

10) 2 тармағының 17) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, мал дәрігерінің анықтамасы, ірі қара мал басының төлқұжаты (бұдан әрі - ІҚМ), тауарларды әкелуге келісімшарт, қосалқы шаруашылығын немесе бизнесті дамыту жөнінде міндеттеме және ауыл мен ауылдық округтері әкімдерінің өтінімдері;

ІҚМ бар тұлғалардан - малазығын алуға өтініші, ІҚМ төлқұжаты;

11) 2 тармақтың 19) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, бас бостандығынан айыру орнынан босатылғаны туралы анықтамасы;

12) 2 тармағының 20) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта"

АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, әскери билеттің көшірмесі, қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің анықтамасы;

13) 2 тармағының 21), 24) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, медициналық мекемеден анықтамасы;

14) 2 тармағының 22) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, жұмыспен қамту бөлімінен анықтама және ауыл мен ауылдық округтері әкімдерінен қолдаухаттары;

15) 2 тармағының 25) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы және шығын сметасы;

16) 2 тармағының 27) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі меңгерушісінің тізімі, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің тізімі;

17) 2 тармағының 26) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, білім бөлімінің тізімі, жеке бас куәлігі, азаматтарды тіркеу кітапшасы мен мектептен анықтама;

18) 2 тармағының 29) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: тегі, аты, әкесінің аты, алатын мемлекеттік жәрдемақының түрі көрсетілген, ардагерлер Кеңесінің қолдаухаты, ауыл және ауылдық округтер әкімдерінің, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, білім беру бөлімінің тізімдеріне сәйкес, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі, статусты растайтын жеңілдікке арналған куәліктің көшірмесі;

19) 2 тармағының 30) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін: "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банкте жеке шотының нөмірі көрсетілген, аталмыш әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке бас куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітапшасы, жеңілдік кітабының куәлігі, салықтық тіркеу нөмірінің көшірмесі.

4. "Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әлеуметтік төлемақы тағайындап, осы қаулының 2 тармағында көрсетілген санаттағы азаматтарға мынадай түрлері бойынша қызмет

к ө р с е т і л с і н :

1) 1) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, ең аз мөлшердегі - екі айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК);

2) 2) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, бірінші абзацта көрсетілген санаттағы тұлғалар үшін - 8 АЕК мөлшерінде; екінші абзацта көрсетілгендерге - 4 АЕК мөлшерінде;

3) 3), 10) тармақшаларында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, жылдық жазылымға - аудандық газетіне, облыстық газетіне "Наш край", "Сарыарқа самалы" және "Звезда прииртышья", республикалық газеттеріне "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" - нақты құны бойынша;

4) 4), 10) тармақшаларында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, аталып өтетін мерекелік күндерге; "Жаңа жыл", "8 Наурыз", "Наурыз мейрамы", "Қарттар күні", "Тәуелсіздік күні"- 4 АЕК мөлшерінде;

5) 5) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, 8 наурыз күніне – 4 және одан көп балалары бар, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға - 3 АЕК мөлшерінде;

6) 6) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, көпбалалы "Алтын алқа" алқасымен марапатталған аналарға – 2 АЕК мөлшерінде, "Күміс алқа" - 1,0 АЕК мөлшерінде;

7) 7) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, Жаңа жылға, Балаларды қорғау күніне және Мүгедектер күніне - аз қамтамасыз етілген отбасының кәмелетке толмаған балаларына, толық жетімдерге, мүгедек балаларға, - 3 АЕК мөлшерінде;

8) 8), 9) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, АӘК алушылар мен аз қамтылған отбасылардың және ата-анасының қамқорынсыз қалған орта мектеп түлектеріне - ЖОО-да 1, 2, 3, 4, 5, 6 курстарындағы оқуын төлеу үшін және интернатурадан өткен кезде студенттерге жасасылған келісімшарт негізінде толық құны бойынша – тұру, тамақтану мен тұратын жеріне дейінгі жолақысының ай сайынғы төлемі - оқыған кезде 6 АЕК мөлшерінде;

9) 10) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, ҰОС мүгедектері мен қатысушыларына ай сайынғы көмек: дәрі-дәрмек алуына - 2 АЕК мөлшерінде;

Жеңіс күніне орай жиынтық сыйлықтар (ҰОС мүгедегі немесе қатысушысы қаза болған кезде, жыл сайын 1 сәуірден 9-шы мамырдың кезеңі бойынша жиынтық сыйлығы отбасына беріледі) - 22 АЕК мөлшерінде;

тұрғын үйді жөндеуге - 10 АЕК мөлшерінде;

коммуналдық қызмет көмегіне және телефон байланысы қызметіне - 2011 жылғы 1 қаңтарынан 1 мамырға дейін 10 АЕК мөлшерінде, ай сайын 2011 жылғы



1 мамырынан 1 қазанға дейін 5 АЕК мөлшерінде, ай сайын 2011 жылғы 1 қазанынан 2012 жылғы 1 қаңтарына дейін 10 АЕК мөлшерінде; жолақы билетінің бар екендігіне тәуелді емес, "Ертіс ЖАКК" ЖШС анықтамасы бойынша жылына бір рет, облыс орталығына дейін және қайта қайтуына жолақысының төлемі – 1 АЕК мөлшерінде; айрықша күндерге біржолғы материалдық көмек - 1 АЕК мөлшерінде;

10) 11) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, жаңа оқу жылына қарсы аз қамтамасыз етілген отбасының балаларына - бір балаға - 11 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

11) 12) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, зейнеткерлерге Қ а р т т а р кү н і н е :

80 жастағы - 2 АЕК мөлшерінде;

90 жастағы – 3 АЕК мөлшерінде;

100 және одан асқан - 4 АЕК мөлшерінде;

12) 14) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, туберкулезбен ауырытындарға жақсартылған тамақтануға - 23 АЕК мөлшерінде;

13) 10), 14) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, санаторлық-курорттық емделуге жіберілетін азаматтардың жолақысына - 2 АЕК м ө л ш е р і н д е ;

14) 15) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, отбасы кірісі мен құрамына тәуелді емес, жерлеуге - 23 АЕК мөлшерінде;

15) 16) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, өрт, кездейсоқ апат, сәтсіз оқиға, төтенше жағдайлар кезінде ішінара үй заттарының, киім-кешектің, пәтердің зақымдану салдарынан өмір сүру жағдайы жоқ тұлғаларға - біржолғы материалдық көмек - 23 АЕК мөлшерінде;

16) 17) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, МАӘК пен МБЖ алушылар ішінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға, көпбалалы аналарға мал мен мал азығын сатып алу үшін - 80 АЕК мөлшерінде, жеке шарушылығын немесе бизнесті дамыту үшін - 31 АЕК мөлшерінде;

17) 18) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, тұрғын үй коммуналдық қызметіне жекелеген санаттағы азаматтарға материалдық көмек; чернобылшыларға, ауған соғысына, Ленинград блокадасына қатысқандар, Венгер соғысы қатысушыларына, концлагерь тұтқындарына - ай сайын 2 АЕК м ө л ш е р і н д е ;

еңбек өтілі толық емес ең аз мөлшерде зейнетақы алушы жалғызділікті және жалғыз тұратын зейнеткерлерге - ай сайын 2 АЕК мөлшерінде;

18) 19) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан оралған тұлғаларға - біржолғы материалдық көмек - 4 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

19) 20) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, әскери міндетін атқарып келген әскери қызметшілеріне - біржолғы материалдық көмек - 4 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

20) 21) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, ауылдық жерлерде тұратын 12 аптаға дейінгі жүктілік мезгілі кезінде тіркеуге тұрған әйелдерге біржолғы материалдық көмек - 4 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

21) 22) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде тіркелген, жұмыссыздар мен мүгедектер ішінен аз қамтамасыз етілген азаматтар еңбекпен оңтайландырудан өту кезеңінде, бақшашылық пен құс шаруашылығын дамыту үшін - біржолғы материалдық көмек - 30 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

22) 23) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, қайталап неке құрмаған, ҰОС мүгедектерінің жесірлеріне, ҰОС кезінде қажырлы еңбегі үшін марапатталған тыл еңбеккерлеріне, концлагерь тұтқындарына, блокадалы Ленинградтың тұрғындарына - Жеңіс күніне орай біржолғы материалдық көмек - 4 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

23) 24) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, емшектен айырылған бір жасқа дейінгі балалары бар аналарға бала тамағын сатып алу үшін - біржолғы материалдық көмек - ай сайын 2 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

24) 25) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, қайталап неке құрмаған, ҰОС мүгедектерінің жесірлеріне, ҰОС кезінде қажырлы еңбегі үшін марапатталған тыл еңбеккерлеріне, концлагерь тұтқындарына, құрметті азаматтарға, төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көпбалалы аналарға - шығын фактісі бойынша ;

25) 26) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, МАӘК пен МБЖ алушылардың балаларын шағын орталықтарда ұстауға - 2 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

26) 27) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, Мүгедектер күніне, ымдау тілі маманының және жеке көмекшінің әлеуметтік қызметімен қамтылған мүгедектерге біржолғы әлеуметтік көмек - 1 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

27) 28), 35) тармақшаларында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, МАӘК пен МБЖ алушыларға, ҰОС қатысушылары мен ҰОС мүгедектерге цифрлық спутниктік теледидарға клиенттік қабылдағыш алу үшін - біржолғы материалдық көмек - 19 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

28) 29) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, соғыс және еңбек ардагерлеріне, студенттерге, оқу үздіктеріне, әлеуметтік саладағы қызметкерлерге және ЧАЭС апатын жоюға қатысқан мүгедектерге, Ауған соғысына қатысқандарға, құрметті азаматтарға Қазақстанның астанасы Астана қаласына бару үшін - шығын фактісі бойынша біржолғы материалдық көмек;

29) 30) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтар үшін, 7-ші мамырға, ЧАЭС болған апаты салдарын жоюға қатысқандар мен Ауған соғысына қатысушыларға - 4 АЕК мөлшерінде, Жеңіс Күніне орай Ауғандағы әскери қимылға қатысқандарға - 4 АЕК мөлшерінде, Ауғаныстанан әскерлерді шығару күніне арналған - 5 АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011.11.23 N 478/7 (жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Әлеуметтік төлемді комиссия отырысының шешімінен кейін 5 жұмыс күн өткеннен соң жүргізу.

6. Осы қаулы бірінші рет ресми түрде жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді және 2011 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап пайда болған құқықтық қатынасына таралады.

7. Әлеуметтік төлемді қаржыландыру 2011 жылға арналған аудандық бюджет көлемінде жүзеге асырылады.

8. Келесідей қаулылардың күші жойылды деп танылсын:

1) Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы "2010 жылға арналған Ертіс ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы" МТН N 12-7-98, 2010 жылғы 27 наурыздағы Ертіс ауданының әділет басқармасында тіркелген, 2010 жылдың 15 сәуірде "Иртыш" газетінде жарияланған, N 68/1 қаулысының.

2) Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 7 қазандағы "Ертіс ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы "2010 жылға арналған Ертіс ауданы азаматтарының жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 68/1 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 1 қарашадағы МТН N 12-7-108, 2010 жылдың 6 қарашада "Иртыш" газетінде жарияланған, N 358/8 қаулысының.

3) Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 1 желтоқсандағы "Ертіс ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы "2010 жылға арналған Ертіс ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 68/1 қаулысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы" 2010 жылғы 14 желтоқсандағы МТН N 12-7-111, 2010 жылдың 23 желтоқсанда "Иртыш" газетінде жарияланған, N 416/8 қаулысының.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Ертіс ауданы әкімінің орынбасары А.Т. Тілеуоваға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*В. Левченко*

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы  
11 сәуірдегі N 168/2 қаулысына  
қосымша

## Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі комиссия құрамы

|                                 |  |
|---------------------------------|--|
| Тілеуова Алтынай Төлегенқызы    | - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрайымы;  |
| Шәріпов Аманбай Құлмырзаұлы     | - "Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы, комиссия төрайымының орынбасары; |
| Бондарева Лора Алексеевна       | - "Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бас маманы, комиссия хатшысы;             |
| <b>Комиссия мүшелері:</b>       |  |
| Рыщанова Салтанат Хайроллақызы  | - "Ертіс ауылы әкімінің аппараты" ММ бас маманы  |
| Бәйтенова Әлия Теміржанқызы     | - "Ертіс ауданының қаржы бөлімі" ММ бас маманы   |
| Богданова Ирина Евгеньевна      | - "Ертіс ауданының білім бөлімі" ММ бас маманы   |
| Кузьменкова Валентина Антоновна | - Ертіс ауданының Соғыс және еңбек ардагерлер кеңесінің төрайымы (келісім бойынша)                                   |
| Рахимбердинов Руслан Абаевич    | - Ертіс ЗТМО филиалының бастығы (келісім бойынша)  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК